

Мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындаушы Қазақстан Республикасының әскери қызметшілеріне берілетін қосымша кепілдіктер және оларға өтем жасау туралы <*> Ескерту. Өзгеріс ҚРМК-нің 1994 ж. 4 қаңтар,

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 сәуір 1993 ж. N 335

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 15 сәуірдегі N 2162-ХІІ қаулысын орындау үшін және мемлекетаралық шарттар мен келісімдерге сәйкес тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөнінде өміріне тәуекелдік етумен байланысты міндеттерді орындаушы Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери қызметшілерін қорғаудың әлеуметтік-құқықтық кепілдігін күшейту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Былай деп белгіленсін: 02_10_08

тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындаушы офицер құрамының адамдарына, прапорщиктерге, мичмандарға, мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге, сондай-ақ қызметін контракт бойынша атқаратын әскери қызметшілерге екі есе мөлшерінде лауазымдық жалақы мен әскери атағы бойынша жалақы; <*>

мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге 1-4 тарифтік разряд бойынша лауазымдық жалақы және мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге көзделген нормалар бойынша ақшалай үлестің ай сайынғы қосымша түрлері, ал әскери қызметтен босатылған кезде оларға екі лауазымдық жалақы мөлшерінде біржолғы жәрдемақы, ал жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар қатарындағы адамдарға - төрт лауазымдық жалақы мөлшерінде төленетін болсын.

ЕСКЕРТУ. 1-тармақ өзгертілді - ҚРМК-нің 1993.09.30. N 968

қаулысымен.

2. Тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындаушы әскери қызметшілерге зейнетақы тағайындау үшін қызмет өткерген жылдарына (еңбек стажына) әскери қызметінің бір айы үш ай болып қосылсын. 03_05_00

3. Мыналар төленетін болсын: 03_05_00

әскери қызметші қызметтік міндеттерін орындау кезінде қаза тапқан немесе әскери қызметтен босатылғаннан кейін әскери қызметті өткеру кезінде алған зақым, жарақат, контузия салдарынан қайтыс болған жағдайда, қаза тапқан (қайтыс болған) адамның отбасына және оның қарауындағы адамдарға сол әскери қызметшіні он жыл бойы

ұстауға жұмсалатын қаржы мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы. Аталған әскери қызметшілердің отбасы мүшелеріне Ұлы Отан соғысында қаза тапқан әскери қызметшілердің отбасы мүшелері жөнінде қолданылып жүрген кепілдіктер мен өтем жасау қолданылсын;

әскери қызметші қызмет міндетін атқаруға байланысты зақымданған, жарақаттанған, контузияға ұшыраған, әскери қызметін одан әрі өткеруге мүмкіндік бермейтін ауруға шалдыққан жағдайда, осы әскери қызметшіге бес жылдық ақшалай үлесі мөлшерінде бір жолғы жәрдемақы. Жоғарыда аталған жағдайлар салдарынан әскери қызметші мүгедек болған жағдайда оған Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне көзделген кепілдіктер мен жеңілдіктер қолданылсын.

Осы тармақтың 1 және 2 бөлімдерінде көрсетілген төлемдер осы қаулының 1-тармағында көзделген ақшалай жалақы есебінен, ал мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге екі есе мөлшерінде - Қазақстан Республикасының республикалық бюджетінен жасалатын болсын.

4. Осы қаулы мен Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында көзделген барлық кепілдіктер мен өтем жасау әскери қызметші тұтқынға түскен немесе кепіл ретінде ұсталған мерзімге оның өзіне және оның отбасына сақталсын.

5. Мыналар берілсін: 02_06_00

тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындап жүрген офицер құрамның адамдарына, прапорщиктерге, мичмандарға және мерзімнен тыс қызметтегі әскери қызметшілерге әскери қызметінің әрбір 3 айына 10 күнтізбелік күн қосымша демалыс:

тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді орындап жүрген әскери қызметшілерге: старшиналар мен сержанттарға - әскери қызметінің әрбір үш айы үшін тиісті демалысына қоса 15 күнтізбелік, солдаттар мен матростарға -10 күнтізбелік күн қысқа мерзімді қосымша демалыс.

Демалысты өткізетін жерге бару және қайту жолының уақыты

демалыс мерзіміне қосылмайды.

6. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Ішкі істер министрлігі және Ұлттық қауіпсіздік комитеті тәжік-ауған учаскесінде ТМД-ның сыртқы шекарасын күзетуді күшейту жөніндегі міндеттерді контракт бойынша орындайтын әскери қызметшілердің әскери қызметті өткеруі туралы ережені бір ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-министрінің

бірінші орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК